

Айтжанова Р.М., Аутаева І

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМУЫТУДАҒЫ
"СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ" ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Шамамен 7 жасқа дейін баланың миы негізінен сенсорлық ақпаратты өңдейтін құрылғы ретінде жұмыс істейді. Яғни, ол тікелей өз сезімдеріне сүйене отырып қоршаған әлемді, заттарды қабылдап, олар туралы қорытынды жасайды. Кішкентай балалардың абстрактілі ойлауы дамымаған. Сондықтан өмірдің алғашқы жеті жылы сенсомоторлы даму кезеңі деп аталады [1]. Бұл кезеңдегі баланың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ақпаратты тез қабылдайтындығы мәлім. Осы себепті қажет болған түзету жұмыстарының барлық түрлерін мектепке дейінгі жаста жүргізу ұсынылады. Осындай коррекциялық жұмыстың бірі - сенсорлық интеграция әдісі болып табылады.

«Сенсорлық интеграция деген не және ол не үшін қажет?» деген сұрақтардың мәніне жете ойланып, жауабын қарастырып көрейік. Біз өзіміз жайлы және осы әлем туралы білетін барлық нәрсені біздің сезім мүшелерінің жұмысы арқылы қабылдаймыз. Барлық ақпарат көру, есту, тактильді, дәм, иіссезу, вестибулярлық және проприоцептивті сенсорлық жүйелер арқылы алынады. Әр секунд сайын көптеген сенсорлық импульстар сыртқы және ішкі органдардан миға нәресте туылғанға дейін беріледі, ал туылғаннан кейін олардың саны бірнеше есе артады. Баланың әрдайым қозғалыста болып өз бетінше қоршаған әлемді тануға мүмкіндігі болуы қажет. Бұл баланың таңертеңнен кешке дейін құмсалғыштағы құмды қазып, ағаштарға өрмелеу, жалаң аяқ балшық пен шалшықтарды басып жүру, құрдастарымен «қуыспақ», «тығылыспақ» және басқа да белсенді ойындар ойнауы қажет дегенді білдіреді. Мұның бәрі біздің балалық шағымызда, ата-анамыздың, ата-әжелеріміздің балалық шағында болған, бірақ заманауи балаларға жетіспейтін нәрсе. Осыдан келе бүгінгі оқушыларда жиі кездесе бастаған зейінді тұрақтандыру мен жаңа

ақпаратты қабылдаудағы қиындықтар, қозғалғыштық шорқақтық, жүйке жүйесінің әлсіздігі, эмоционалды тұрақсыздық сияқты мәселелер жиілеп кетті. Балалар тактильді, визуалды, есту, иіс, дәм және қозғалыс рецептрлерінен келген ақпаратты дұрыс қабылдамайды. Бұл мінез-құлық, қарым-қатынастағы, оқу-сөйлеуді дамытудағы, бұлшықет тонусы мен координациядағы қиыншылықтарға әкеледі.

Сенсорлық интеграция - бұл адамның жүйке жүйесі барлық сезім рецепторларынан (сезіну, вестибулярлық аппарат, дене сезімі, иіс сезімі, көру, есту, дәм) ақпарат алып, оны мақсатты қызметте пайдаланылатындай етіп түсіндіретін процесс. Сезім бізге денеміздің және қоршаған ортаның физикалық жай-күйі туралы ақпарат береді.

Көптеген адамдарда сенсорлық интеграция процесі автоматты түрде, реакцияларды қамтамасыз ете отырып, қоршаған ортаның талаптарына сәйкес келеді және дұрыс сенсомоторлық дамуға себепші болады.

"Сенсорлық интеграция" терминін алғаш рет американдық танымал психолог, эрготерапевт Джин Айрес 1963 жылы сенсорлық өңдеу процестерінің бұзылуы түрлі мінез-құлық мәселелерінде қалай көрініс табатынын сипаттау үшін ұсынды. Практикалық жұмыс барысында психолог сенсорлық жүйелер жұмысының бұзылу теориясын - яғни баланың даму мәселелерімен айналысатын көптеген мамандардың назарына түскен сенсорлық интеграция дисфункциясы теориясын жасады. Дж. Айрес бұл кезге дейін байқалмаған және зерттелмеген жер бетіндегі әрбір оныншы баланың дамуына кедергі келтіретін мәселені көрді. Сөйлеу, қимыл-қозғалыс және эмоциялық саланың дамуында қандай да бір ауытқулары бар балалардың 70% -дан астамының сенсорлық жүйелердің жұмысы бұзылған. Орталық жүйке жүйесінің ешбір бөлігі өздігінен жұмыс істемейді, ондағы ақпарат оның бір бөлігінен екінші бөлігіне беріледі. Жанасу көруге, көру - тепе-теңдікті ұстауға, тепе-теңдікті ұстау - дененің кеңістіктегі жағдайын сезінуге және қозғалуға көмектеседі, қозғалыс үйренуге, ақпаратты қабылдауға көмектеседі. Миды қоздырып, функционалдық белсенділік процесстерін тудыру үшін оны ширықтыру қажет.

Егер бала дүниеге дені сау болып келсе және оның сенсорлық ынталандыруы қалыпты болса, онда сәбидің қозғалыс дағдыларын, сөйлеу мен мінез-құлқының дамуында ешқандай қиындық туындамайды. Алайда, туылған шағында сенсорлық ынталандырудың қандай да бір бұзылыстары болған балалар үшін (сезімтал ағзалардың, мидың, жүйке жолдарының және т.б. зақымдануынан) сенсорлық ынталандыру процесі тиімсіз немесе жеткілікті түрде тиімді емес болып табылады. Мұндай балаларда әртүрлі нормадан ауытқушылықтар кездеседі, бұл сенсорлық интеграцияның дисфункциясына әкеледі [2]. Баланың сыртқы және ішкі ақпаратты өңдеу қабілеті оның сезімінің, ойы мен іс-әрекетінің дамуына әсер етеді. Ми қызметінің процестеріндегі ең қарапайым ауытқулардың өзі баланың тұрмыстық дағдыларды меңгеруіне, білім алуына және қарым-қатынас жасауына кері әсерін тигізуі мүмкін. Өкінішке орай, мұндай балалардың жасы ұлғайған сайын түрлі мәселелері көбейеді және дамуына, мектепте білім алуына, мінез-құлықына байланысты қиындықтар туындайды.

Есту ақпаратын өңдеуде ауытқушылықтары бар балалар:

- қатты дыбыстардан қорқады;
- музыканың кейбір түрлерін(немесе жалпы музыканы), анасының ән айтуын, дауыс тембрлерін қабылдамайды;
- көбінесе құлақтарын қолдарымен немесе басын жастықпен жабады, көп жағдайларда оларды шақырғанды естімейді;
- шулы айналаны, көшелерді ұнатпайды, ондай жерлерде сасқалақтап есі шығады;
- үзілістерде сыныптаптан шықпауға тырысады.

Көру жүйесінің ауытқушылықтарын баланың баспалдақпен жүруді, кедергілерден өтуді, көзге қарауды ұнатпайтындығынан, бұлыңғыр немесе қараңғы бөлмеде болуды жөн көруінен, жарық қосылғанда мазасызданатындығынан, айналасындағы адамдарға немесе заттарға қараған кезде қиналуынан байқауға болады.

Тактильдік қабылдаудағы ауытқушылықтарда:

- балалар ермексазбен, құммен, бояумен ойнаудан қашқақтайды;
- желімді немесе балшықты ұстағанда былғанып қалудан;
- өз денесіне жақындарының, тіпті ата-анасының қол тигізуінен аулақ болады, өздері де көптеген заттарға тиісуді ұнатпайды;
- кейбір киім маталарын, төсек әбзелдерін, белгілі бір киім конструкцияларын, мысалы, водолазкаларды, мойыны ұзын келетін свитерлерді ұнатпайды, футболка ішінде кесте жіптеріне тігілген жапсырмаларға шағымданады;
- жалаң аяқ жүруден бас тартады;
- сондай-ақ ауырсыну және температуралық сезімталдықтың төмендеуі байқалады.

Қорытындылай келе айтатынымыз, сенсорлық интеграция баланың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысындағы ауытқушылықтарының себептері туралы жаңа түсінік береді және зейінді шоғырландыру, ынталандыру мен коммуникациялық дағдыларды дамытудың жаңа стратегияларын ұсынады. Сенсорлық ақпаратты өңдеу процесі бұзылған балалар қолдауды қажет етеді. Әр баланың барынша табысты болуы үшін оның мықты және әлсіз жақтарын ескеру және балалардың қалауын есепке алу маңызды. Баланың жеке ерекшеліктерін біле отырып, ҰОҚ-де кезінде және жеке жұмыста іс-шаралар тізбегін құру қиын болмайды. Баланың жеке ерекшеліктерін байқай білу педагогқа сабақ кезінде және жеке жұмыста қызмет түрлерінің бірізділігін құруға үлкен септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айрес Э. Бала және сенсорлық интеграция. Дамудың жасырын мәселелерін түсіну; М.: Теревинф, 2009.
2. Басилова Т.А., Александрова Н. А. Дамудың күрделі ауытқушылықтары бар балаға қалай көмектесуге болады; ата-аналарға арналған нұсқаулық. - М.: Білім, 2008. – Б.28-32.

3. Кислинг Улла. Диалогтағы сенсорлық интеграция: баланы түсіну, мәселені тану, тепе-теңдікті табуға көмектесу /Улла Кислинг; ред.Е. В. Клочкова. - М.,: Теревинф, 2010. – Б.12-13.

4. Миненкова И.Н. Психофизикалық дамуының ауыр немесе көптеген бұзылулары бар балалармен түзету - дамыту жұмысында сенсорлық интеграцияны қамтамасыз ету И.Н. Миненкова түзету-дамытушылық оқыту және оңалту орталығы жағдайында балаларды оқыту және тәрбиелеу: оқу.- әдіс. оқу құралы С. Е. Гайдукевич және т. б.; ғылыми. С.Е. Гайдукевич. — Мн: УО БМПУ им. М. Танк, 2007. — С. 86-92.

5. Ростомашвили Л.Н Дамудың күрделі ауытқушылықтары бар балалардың бейімделгіш дене тәрбиесі. Оқу құралы / Л. Н. Ростомашвили. - М.,: Кеңестік спорт, 2009. – Б.52.